# «№7 ОМ МДШО» КММ

Тақырыбы:

# ЗАТ ЕСІМ

Жолдыбаева Д.А.

***Сабақтың мақсаты:***

1. *Оқушыларға зат есім жайлы түсінік бере отырып, сұрақтар қоя білуге үйрету.*
2. *Жаңа технология элементтерін пайдалана отырып, шығармашылық қабілеттерін дамыту.*
3. *Сауатты, көркем жазуға, өзара ынтымақтастыққа, шапшаң ойлай білуге баулу.*

# Жауап

1

- Ә)Күй
- А)Қосымша

2

- Ә)2
- Ә)Сөз мағынасын өзгертетін қосымша

3

- А)Сөз бен сөзді байланыстыратын қосымша
- Ә)Зат есім,сын есім, сан есім, етістік.

*Ақпанның жиырма үші*

*Сынып жұмысы*

*Зат есім*

***Сс Сс Сс Сс Сс Сс Сс Сс***



# ЕСІҢЕ САҚТА

**Заттың атын білдіретін сөздерді зат есім дейді.**
**Зат есімдерге кім?не? кімдер? нелер? деген сұрақтар қойылады.**

# ЕСІҢЕ САҚТА



**Кісінің аты-жөні, жер – су аттары, жануарларға қойылған атаулар, газет- журналдар, қала аттары бас әріппен жазылады.**
**Оларды жалқы есімдер деп атайды.**

**Жалқы есімдерден басқа сөздерді жалпы есімдер деп атайды. Жалпы есімдер кіші әріппен жазылады.**

# ЕСІҢЕ САҚТА



Зат есімнің жекеше, көпше түрі болады. Кім? Не? зат есімнің жекеше түрі, кімдер? нелер? зат есімнің көпше  түрі жауап береді.

# ДЫБЫСТЫҚ ТАЛДАУ




Л-
И-
М-
У-
З -
И-
Н-

# ДЫБЫСТЫҚ ТАЛДАУ



Л-үнді дауыссыз дыбыс

И-жіңішке дауысты дыбыс

М-үнді дауыссыз дыбыс

У- дауысты дыбыс

З –ұяң дауыссыз дыбыс

И- жіңішке дауысты дыбыс

Н-үнді дауыссыз дыбыс

**2-жаттығу**

**Оқулықпен жұмыс.**

**Суретке қарап зат есімдерді тауып айт.**



**3- жаттығу**
**Мәтінді көшіріп жаз.**



**Қыс. Қақаған аяз . Қалың қар жәндік біткенді  жатқан індерінен шығармай тастады. Ашыққан түлкі  түн жамылып ауылдың маңын торыды. Ол тауық тәрізді оңай олжа аулауға кірісті.**

***Мәтіннен зат есімдерді тауып, астын сыз.Зат есімдерге сұрақ қой.***



**4-жаттығу**

**Көп нүктенің орнына тиісті зат есімдерді қойып, көшіріп жаз.**

Төрт түлік:____________________

Аңдар:________________________

Құстар:_______________________

Отбасы мүшелері:______________

5-жаттығу.
Оқы, әр қатардығы сөздерді жинақтап, бір сөзбен қалай атауға болатынын айт.



Түйе, жылқы,сиыр,қой,ешкі-
Кесе,қасық,қазан,ожау,тостаған-
Қияр,сәбіз,қызылша,қауын,қарбыз-
Алма, алмұрт, шие, банан, жүзім-



5-жаттығу
Оқы, әр қатардығы сөздерді жинақтап, бір сөзбен қалай атауға болатынын айт.

Түйе, жылқы,сиыр,қой,ешкі-**төрт түлік мал**

Кесе,қасық,қазан,ожау,тостаған-**ыдыс**

Қияр,сәбіз,қызылша,қауын,қарбыз-**көкөніс**

Алма, алмұрт, шие, банан, жүзім-**жеміс-жидек**

10-жаттығу.Суреттегі үй жануарлары мен үй хайуанаттарына ат қой.











Әрқайсымен сөйлем құрап жаз.



14-жаттығу.
Жаңылтпашты оқып, жатқа айт.
Жекеше және көпше түрдегі зат есімдерді тап.

Ара, ара, аралар,
Орманның бойын аралар.
Гүлдерден сорып бал алар,
Бал тәтті ғой, балалар.

# Үйге тапсырма



Күнделікті ашайық
Үй тапсырмасын жазайық.
Бүгінгі алған білімді,
Ұмытпай есте сақтайық.

**9-жаттығу**

***Көп нүктенің орнына жалқы есімдерді қойып жаз.***

# НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ

